

**Қазақ және орыс тілдері кафедрасында**  
**«Тіл – рухани әрі тарихи құндылық» тақырыбында өткен**  
**тілдер апталығының есебі**  
**(2018-2019 оқу жылы)**

**17.09.2018** «Қазақ жазуының тарихы» тақырыбында ф.ғ.д. Құсманова К.Ә. қатысуымен сұхбат- сағаты өтті. Атаулы шараға 18-ГТК-4, 18-ГТК-5 8-ГТК-1, 18-ЭЛК-2 тобының студенттері белсенді қатысты. Студенттер ғалымның дәрісін тындап, соңында өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды. Шараның аяғында студенттер арасында латын жазуына көшу жағдай жөнінде сауалнама өткізілді.

**18.09.2018** 18-ГТ-1, 18-ГР-1 топ студенттерінің арасында «Ойлы болсаң, озып көр» атты интеллектуалдық ойын өткізілді. Шара барысында студенттер екі топқа бөлініп түрлі сұрақтарға жауап берді. Әртүрлі қызықты тапсырмалар орындап, өз білімдерін сынады. Әділ-қазылар алқасының шешімі бойынша «Алтай» тобы жеңіске жетті. Шараға жауапты Б.С. Жасылықова, Ф.И. Байбатанова болды.

**19.09.2018** «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Ш. Құдайбердиевтің шығармашылығына арналған «Адамгершілік ақ жолға» атты әдеби кеш өтті. Кешті ұйымдастырушы кафедраның аға оқытушылары Б.Қ.Оқасова мен Ж.Д. Адильбаева. Студенттер ақынның өлеңдерін оқып, оның философиялық ой-толғаулары жайында өз пікірлерін ортаға салды. Кеш барысында Шәкәрімнің әлі зерттелмеген туындылары жайлы сөз қозғалды. Кеш өте тартымды өтті.

**20.09.2018** ф.ғ.к Ережепова С.К. ұйымдастыруымен «Слово – дело великое» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабаққа 17-МБК-1 17-БЭК-1, 17-БМК-1 топтарының студенттері қатысты. Сабақтың қызықты өтілуіне белсенді ат салысқан 17-МБК-1 тобының студенттерін ерекше атап айтуға болады. Студенттер тарапынан алдын ала бейнебаян дайындалып, аталған бейнетүсірілім негізінде түрлі сұрақтар қойылып, интербелсенді ойындар өткізілді. Арнайы лексиканы меңгеру деңгейін анықтау мақсатында квест ұйымдастырылды. Сабақ соңында рефлексия жасалды.

**21.09.2018** А.С. Пушкин клубының жетекшісі А.Т. Адилева Кузу клубтың кезекті отырысын «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында өтіп жатқан Б. Момышұлы «Жауынгер-жазушы» тақырыбына арнады. Отырыс үстінде студенттер жазушы туралы ақын-жазушылардың естеліктерін оқыды, Батыр жайында деректі фильм тамашалап, алған әсерлерін ортаға салды.

**22.09.2018** күні ф.ғ.к Сагитжанова З.Т. ұйымдастыруымен 17-ИСК-1 тобының студенттері арасында «Говорун-шоу» атты интеллектуалдық ойын өтті. Шараның мақсаты: тілге деген көзқарастарын және сөйлеу тілдік қорларын арттыру. Ойын арқылы өз ойларын жеткізуге, орыс тілінде еркін сөйлеуге, тілді құрметтеуге үйрету. Оқытушы әртүрлі тапсырмалар «Ассоциации», «Полиглот», «Скороговорки», «Быстрый ответ» т.с.с арқылы студенттердің қызығушылығын оятты.

**24.09.2018** Тілдер апталығын қорытындылау шағын дөңгелек үстел түрінде өтті. Шара барысында белсенділік танытқан студенттер алғыс хаттармен марапатталды. Кафедра меңгерушісі ф.ғ.к. Асавбаева Г.Б. тілге көрсетілген құрмет, тілді меңгеруге деген құлшыныстарын ерекше атап өтіп, белсенді қатысқан студенттерге өз ризашылығын білдірді.

Қазақ және орыс тілдері кафедрасының  
меңгерушісі

Г.Б. Асавбаева